



## **БМСБ-ІІХК-ІІМ ҚАРЛАГ БАЛАЛАРЫ**

Лагерь жағдайында ерлер мен әйелдердің арасындағы қандай да бір байланыстарға қатаң тыйым салынғанына қарамастан, Қарлагта РСФСР ҚК 58-б. және УКСР ҚК 54-б. бойынша сотталғандар бала туып жатты.

Олардың одан кейінгі тағдыры қалай болды?

Бала алдымен лагерь бөбекжайында ұсталды. 2-3 жасқа толған соң баланы балалар үйіне, Қарлагтан тыс жерге алып кететін болды.

Балалардың іздері балалар үйінің мұрағаттарында жоғалып отырды...

Лагерьден босаған соң аналар балаларын іздейді, бірақ көп ретте балаларын таба алмайды.

РСФСР ҚК 58-б. және УКСР ҚК 54-б. бойынша сотталғандардың балалары жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтап алу туралы Заң бойынша өздерін саяси қуғын-сүргін құрбандары деп танытуға құқысы бар.

Дегенмен, мұрағаттарда бас бостандығынан айыру орындарында аурудан немесе жаңа үкімді орындау нәтижесінде қайтыс болғандардың жеке істері ғана сақталған.

Қалған істер, сақтау мерзімі өткен соң, жойылуға тиіс болды, адамдар туралы мәлімет тек мұрағат карточкасында ғана қалып отырды.

БМСБ-ІІХК-ІІМ Қарлагты тарату кезінде мұрағат қоймаларының жетіспеушілігі себепті, екіншіке орай, көптеген істер, тіпті шектеусіз мерзімге сақталуы тиіс құжаттардың өзі жойылып кеткен.

Туған нәрестелердің, олардың аналарының, Қарлагтың медициналық-санитарлық қызметінің құжаттары мұрағатқа тапсырылмаған.

Дегенмен, туу туралы куәліктерде сәбидің туған жері - Қарағанды облысы Долинка селосы деп көрсетілген.

Мұрағаттық актілік жазбаларда тіркеу бастамашысының аты-жөні көрсетілген, өйткені, «Қарлаг балалары» бойынша олар ата-анасы емес, әкімшілік өкілдері болатын.

Балалар үйінің мұрағат кітаптарында ата-аналар туралы мәліметтерде сәбидің қайдан түскені, анасының аты-жөні барлық жағдайда көрсетіле бермеген.

Балалар БМСБ-ІІХК-ІІМ Қарлагта туған деп тікелей көрсетуге тыйым салынған болатын.

Мұрағат қызметшілерінің күшімен Қарлаг аумағында туған балалар және осында болған балалар жөнінде екі мыңнан астам құжаттық дерек-дәйектер жиналды.

*(«Қарлаг балалары», Құқықтық статистика және ақпарат орталығы, Қарағанды, 1999 жж. Қысқартылып беріліп отыр).*

## ДЕТИ КАРЛАГА ОГПУ-НКВД-МВД

Вопреки строжайшим запретам возникновения каких-либо связей между мужчинами и женщинами в условиях лагеря, в Карлаге у приговоренных по ст. 58 УК РСФСР и ст. 54 УК УССР, ЧСИР все же рождались дети.

Какова была их дальнейшая судьба?

Сначала ребенок содержался в лагерных яслях. А после 2-3 лет их положено было переводить в детские дома, то есть увозить за пределы Карлага.

Следы детей часто терялись в архивах детских домов...

Освободившись из лагеря, матери искали и не всегда находили своих детей.

Дети, родившиеся в условиях лагеря у матерей, заключенных по ст. 58 УК РСФСР и ст. 54 УССР по Законам о реабилитации жертв массовых политических репрессий, принятых как в бывшем СССР, так и в ныне суверенных государствах СНГ – республиках бывшего СССР, имеют право на признание их пострадавшими от политических репрессий.

Однако, в архивах на постоянное хранение оставлялись личные дела лишь умерших в местах лишения свободы от болезни, либо в результате исполнения нового приговора.

Остальные дела, по истечении срока хранения, должны были уничтожаться, оставляя память о человеке лишь в архивной карточке.

К сожалению, при ликвидации Карлага ОГПУ-НКВД-МВД за недостатком архивохранилищ, оказалась уничтоженной большая масса даже тех дел, которые должны, по инструкции, храниться постоянно, без ограничения срока.

Ни списков родившихся, ни списков рожениц, ни иных документов из медико-санитарной службы Карлага, увы, в архив не сдавалось.

Однако, в свидетельствах о рождении отражалось место рождения ребенка – село Долинка Карагандинской области.

В архивных актовых записях указывалась фамилия инициатора регистрации, так как по «детям Карлага» это были не родители, а представители администрации.

В архивных книгах детдомов не всегда указывалось сведения о родителях, откуда поступил ребенок.

Прямо указывать, что дети рождены в Карлаге ОГПУ-НКВД-МВД, запрещалось.

Усилиями архивистов собрано более двух тысяч документальных подтверждений фактов рождения и первоначального пребывания детей на территории Карлага.



*(«Дети Карлага», Центр правовой статистики и информации, Караганда, 1999 г. Публикуется с сокращениями).*

## Children of Karlag, OGPU-NKVD-MIA

Though there was clampdown on close relations between Karlag male and female prisoners who were sentenced to imprisonment and were subject to Article 58 RSFSR Penal Code and Article 54 Ukrainian SSR Penal Code, and were considered traitors, still children were born from such relations.

What was awaiting such children?

First, such children were kept in camp nurseries. Two and/or three-year-old children were to be transferred to orphan asylums, i.e. taken away from Karlag area.

Oftentimes traces of such children were lost in the archives of orphanages...

After their release mothers searched their children but failed to find them.

Today a child born from a mother convicted under Article 58 RSFSR Penal Code and Article 54 Ukrainian SSR Penal Code have right to be accounted as a victim of political repressions according to Laws about rehabilitation of the victims of political repressions adopted in the former USSR and in other sovereign states of CIS.

However, in the archives there used to be left only records of prisoners who deceased in places of confinement from illnesses or who were executed there.

Other records were to be destroyed upon expiration of their validity. Only archival card was left to remind of a person's existence.

Unfortunately, while liquidation of Karlag OGPU-NKVD-MIA, due to the small size of its archival repositories most records were destroyed even though they were supposed to be kept without any validity expiration.

The archives received no list of newborns, no list of maternity patients, no other documents from the medical section of Karlag.

Children's birth certificates contained the information about their place of birth – Dolinka settlement, Karagandinskaya Oblast.

According to "Children of Karlag" no surname of child's parents was to be indicated in the archival act records, the child adopted the surname of the person who registered the child.

Archival records kept in orphanages did not always contain the information about their parents, where the child came from and his mother's name.

It was also prohibited to indicate in the documents that a child was born in Karlag OGPU-NKVD-MIA.

Owing to the joined efforts of archivists more than two thousand documented proofs concerning children being born and being kept in the camp have been collected.



*(From "Children of Karlag" Centre of Law Statistics and information, Karaganda, 1991. Abridged publication)*

### «Мамочкино моласы»

Бұл молада «Карлаг» тұтқындары – әйелдер мен балалардың мүрдeleri жерленген. Зират Қарағанды облысы, Абай ауданы аумағында, Долинка кентіне жақын орналасқан.

«Карлагта» ересектермен бірге «халық жауларының» балалары да мерзімдерін өтеді.

Жаңа туған балаларды аналарынан тартып алып, Балалар комбинаттарына тапсырады. Оның да вахтасы, қақпасы бар. Барақтары және тікенек сымдары кәдімгі зонадан еш айырмашылығы жоқ. «Карлагта» осындай жеті мекеме болған.

Мұрағат деректері бойынша, мұндай үйлерде балалар өлімі өте жоғары еді. Мәселен, 1941-1944 жылдары 924 бала, ал 1950-1952 жылдары 1130 сәби опат болған...

### «Мамочкино кладбище»

В этой могиле похоронены тела женщин и детей – заключённых «Карлага». Могила расположена на территории Абайского района Карагандинской области, недалеко от пос. Долинка.

В «Карлаге» вместе со взрослыми отбывали срок и дети «врагов народа».

Новорожденных отбирали у матерей и сдавали в Детские комбинаты. И там были вахты, ворота, бараки, колючая проволока. Они ничем не отличались от обычных зон. В «Карлаге» существовало семь таких учреждений.

По данным архива, в таких домах детская смертность была очень высокая. Например, в 1941-1944 гг. погибло 924, а в 1950-1952 гг. – 1130 детей...

### Mamochkino Cemetery

Prisoners of Karlag – women and children – were buried in this cemetery. It is located on the territory in Abai district of Karagandy oblast.

Children of “public enemies” served their prison terms alongside with adults in Karlag prison camp.

Mothers were deprived of their newborn children who were later sent to orphanages and children’s homes. Those places were not different from ordinary prisons with their guard posts, gates, barracks and barbed wire. Karlag camp comprised seven buildings for keeping underage prisoners.

According to the archival data, there was a high mortality rate among children. For instance, during 1941-1944 the number of children who died in the camp was 924, and during 1950-1952 it was 1130 children...

